

## Мемлекеттік білім мекемелерін құру, қайта құру және тарату тәртібі туралы Үлгі ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 16 маусым N 637. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.02.25. N 300 қаулысымен. ~P000300

Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Жоғары білім туралы" заңдарына сәйкес және мемлекеттік білім мекемелерін құру, қайта құру және тарату тәртібін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мемлекеттік білім мекемелерін құру, қайта құру және тарату тәртібі туралы қоса берілген Үлгі ереже бекітілсін.

2. Бағынысында білім мекемелері бар министрліктер мен ведомстволар бір ай мерзім ішінде өз шешімдері мен нормативтік актілерін осы Ережеге сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі  
Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 16 маусымдағы  
N 637 қаулысымен  
Бекітілген

Мемлекеттік білім мекемелерін құру, қайта  
құру және тарату тәртібі туралы  
Үлгі Ереже

1. Мемлекеттік жоғары және арнаулы орта оқу орындарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті құрады. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне оларды құру туралы ұсынысты облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Қазақстан Республикасының тиісті салалық министрліктерімен, ведомстволарымен келісе отырып Қазақстан Республикасының Білім министрлігі енгізеді.

2. Республикалық бағыныстағы басқа оқу орындары мен мекемелерін, ұйымдарын құруды Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен тиісті

салалық министрліктердің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады.

3. Жергілікті бағыныстағы мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие мен оқу мекемелерін, жалпы орта білім, мектептен тыс және басқа білім мекемелерін құруды тиісті министрліктердің және ведомстволардың басшыларымен келісе отырып облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жүргізеді.

4. Ведомстволық бағыныстағы мектепке дейінгі, жалпы орта білім және басқа да білім мекемелерін құруды жергілікті әкімдермен және білім беру органдарымен келісе отырып кәсіпорындар мен ұйымдар жүргізеді.

5. Жалпы орта білім беретін бағдарлы спорт мектеп-интернаттарын құруды Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің келісімі бойынша жергілікті әкімдер жүргізеді.

6. Кәсіптік-техникалық оқу орындарын Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Еңбек министрлігінің және тиісті салалық министрліктер мен ведомстволардың келісімімен жергілікті облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері құрады.

7. Мемлекеттік салалық және салааралық институттар, біліктілік көтеру және қайта даярлау орталықтарын құруды Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, Экономика министрлігінің, Қаржы министрлігінің және тиісті облыстардың, Алматы мен Ленинск қалалары әкімдерінің келісімдері бойынша тиісті салалық министрліктер мен ведомстволар жүргізеді.

8. Жоғары оқу орындарының заңды және қаржылай дербестігі бар аумақтық оқу-ғылыми құрылымдық бөлімшелерін құру жергілікті атқару өкіметі органдарының және Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің келісімімен, немесе жоғары оқу орындарының бағыныстылығына қарай ведомстволық басқару органдарының келісімі бойынша жүргізіледі.

9. Білім мекемелері білім беру қызметі мен Қазақстан Республикасы заңдары беретін жеңілдіктер хұқына өздеріне лицензия берілген күннен бастап ие болады.

10. Мемлекеттік білім мекемелерін қайта құру, тиісті білім мекемелерін құру үшін белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемелерді қайта құруда олардың қызмет бағдары сақталады.

11. Мемлекеттік білім мекемелерін жоюды оларды құру туралы шешім шығарған органдар жүргізеді. Сонымен қатар ауылдық жерлердегі шағын жасақталған мектептерді жабу тек қана азаматтар жиынының шешімі болғанда жүргізіледі.

12. Таратылған мемлекеттік білім мекемелерінің үйлері, оқу жабдықтары мен басқа мүлкі білім саласынан тыс ұйымдарға берілмейді. Аталған мүлік басқа

білім мекемелеріне, оның ішінде мемлекеттік емес білім мекемелеріне де беріледі және тікелей білім беру мақсаттарына пайдаланылады.

13. Мемлекеттік білім мекемелерін құру, қайта құру және тарату туралы мемлекеттік статистика органдарына хабарланады.

14. Мемлекеттік емес білім мекемелерін құру, қайта құру және таратуды олардың құрылтайшылары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің " Білім қызметін лицензиялау тәртібі туралы Ережені және Мемлекеттік емес Білім мекемелері туралы Ережені бекіту туралы" 1993 жылғы 13 шілдедегі N 597 P930597\_ қаулысымен бекітілген тәртіпке сай жүргізеді (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 27, 337-бап).